

«Сүйкімді жануарлар әлемі» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің білім алушылары арасында «Сүйкімді жануарлар әлемі» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: өскелең ұрпақты эстетикалық және экологиялық тәрбиелеу

Міндеттері:

- балалардың назарын жануарлар әлемінің мәселелеріне, олардың сақталуына және қорғалуына назарын аудару;
- табиғат әлеміне сүйіспеншілігін, бақылаушылығын, сұлулығы мен алуантүрлігін дамыту;
- сүйіспеншілік сезімінің өнері арқылы жануарларға деген жанашырлық, ұқыпты және ізгілікті қарым-қатынасын тәрбиелеу;
- қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін ұғынуға ықпал ету.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 31 қазанға дейін turkonkurs@bk.ru** электрондық поштасына қабылданады. Байқауға **2016 жылғы 31 қазаннан кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары **2016 жылғы 14 қарашада www.ziyatker.org** сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы. Талдау қорытындылары және рецензиялар қатысушыларға ұсынылмайды.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 249-308 («Сүйкімді жануарлар әлемі» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит, Астана қ.

Төлемақы аталуы: «Сүйкімді жануарлар әлемі» байқауы.

8. Байқауға қатысу үшін turkonkurs@bk.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1,2 -қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмысты.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 5-17 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

5 – 9 жастағы кіші жас санаты;

10 - 14 жастағы орта жас санаты;

15 - 17 жастағы жоғарғы жас санаты.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

«Жануарларды қорғау - менің міндетім» номинациясы (эсселер байқауы).

Адам өмірін өзгертуге себеп болған немесе даладан табылған үй жануарлар жөніндегі хикая. Жануарды тәрбиелеудегі жеке тәжірибе, жануар пайда болған сәтпен байланысты қызықты жағдайлар, оның мінезіндегі ерекшеліктер және қазіргі замандағы экологиялық білім беру мен тәрбие берудің маңыздылығы жөнінде сөз болады.

Қабылданатын эссеге қойылатын критерийлер:

- 1) А4 парақ форматы, Times New Roman шрифті, 14 кегль, жол арасының интервалы бірге тең, ені бойынша түзеу.
- 2) Word форматындағы «Эссе», 1 бет;

«Жануарларды қорғаймыз» номинациясы (үздік баннерлер байқауы).

Экологиялық баннер жануарларды қорғау идеясын бейнелеу қажет. Баннер қолмен салынған және сканерден өткізілген немесе графикалық редактор көмегімен салынған болуы мүмкін. Ол қанық, көрнекі, әсерлі және мүмкіндігінше қысқа әрі нұсқа болуы тиіс. Жұмыстар JPEG форматында қабылданады .

Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

- 1) баннер мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкес келуі;
- 2) идеяның түпнұсқалығы;
- 3) ресімделуі, дизайны және техникалық орындауы;

«Үйсіз жануарлар» номинациясы (суреттер байқауы).

Суреттер түрлі техникаларда(қарындаш, түрлі-түсті қарындаш, пастель, акварель, гуашь, май және тағы басқа) орындалған суреттер қабылданады.

А4- жұмыс пішімі. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың суреттері фотоға түсіріліп, электронды түрде бағытталуы тиіс.

Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

- 1) көркемдік сипаттамасы (идеясы, композициясы, түстік шешімі және тағы басқа);
- 2) композициясы;
- 3) көркемдік талғам, түпнұсқалылық;
- 4) таңдаған техниканы меңгеруі;
- 5) орындау сапасы мен иллюстрациялардың ұқыпты орындалуы

11. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

12. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

13. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары:8(7172) 249-308 (**«Сүйкімді жануарлар әлемі»**).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org →Республикалық шаралар→ **«Сүйкімді жануарлар әлемі»** байқауы → жалғасы.

Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында, «Жасыл ғаламшар» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/puteshestvennikz>).

Республикалық интернет-байқауына қашықтықтан қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен-жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аты, Жұмыстың Номинациясы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8

2-қосымша

Титул парағын толтыру үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

«Сүйкімді жануарлар әлемі» республикалық интернет-байқауы

«-----» номинациясы

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы: Муслимова Жадыра Өмірзаққызы
Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы
№ 1 мектеп, 9-сынып

Жетекшісі: Петрова Нина Ивановна
2016 жыл